

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозғалыс» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

6 – СЕКЦИЯ
ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: «Таптым-ау сені»)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	Максимова Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского помещного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinaryonyms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” (三体) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ
БЕЗОПАСНОСТЬ**

OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорының тұрақты дамуының	4103

Әлеуметтік желілер, цифрлық техникалар мен ғылым саласы күн сайын жаңарып отырған соң, олардағы ақпараттың ана тілімізде болып, ұлттық идеологиямыз – тіл арқылы көрініс берсе, тілдік саясатымызды бірқалыпты ұстау оңайырақ болар еді. Сол үшін әлеуметтік желілер арқылы термин сөздеріміздің бекітілген қазақша нұсқасын қолданып, насихаттауға кеңес береміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы: «», 2014. б. - 952 бет
2. [Қазақ әдебитілініңсөздігі. Он бес томдық. 14-том. / Құраст.: М.Малмақов, Қ.Есенова, Б.Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. - 800 б.]
3. [Қазақ зергерлікөнерініңсөздігі / Шойбеков.Р.Н. - Алматы: Ғылым, 1991. - 88 б.]
4. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.
5. Тіл – инстинкт / Пинкер Стивен. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. – 386 бет.

ӘОЖ 808.5

ИНТЕРНЕТ ЛЕКСИКАНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Ермекқызы Аружан

aruzhan_yermekkyzy@mail.ru

7M01717 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс магистранты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., профессор м.а. Г.Б. Мамаева

Тіл – бір орында тұрмайтын, үнемі дамиды құбылыс. Қоғам өзгерген сайын, лексика да өзгереді. Қазіргі қазақ тілінің күрделі саласы саналатын лексикология – барлық тіл білімі туралы ғылымның бастау көзі. Қазақ тілінің сөздік құрамы халқымыздың басынан кешірген бүкіл тарихының, шаруашылығы мен кәсібінің, материалдық байлығы мен рухани қазынасының айнасы, куәсі іспеттес, ол ғасырлар бойы даму нәтижесінде бірте-бірте қалыптасқан. Лексикологияны жете түсіну үшін оның нысаны болып табылатын сөздік құрам тұтас бір бүтін жүйе ретінде қаралуға тиіс.

Ақпараттық технологиялардың дамуы, интернеттің кеңінен таралуы тілдің лексикалық құрамын айтарлықтай өзгертті. Интернет кеңістігінде қолданылатын сөздер мен тіркестер – жаңа лексикалық бірліктер мен өзгерістердің пайда болуына себепкер болды. Интернет лексикасы қазақ тілінде де өзінің айқын көрінісін тауып, тілдің дамуына жаңа реңк қосты. Оның пайда болуы компьютерлік технологиялардың дамуымен тікелей байланысты. Халықтың жартысынан көбі дүниежүзілік интернет желісін байланыс, ақпарат алу және оларды сақтау үшін белсенді пайдаланады, әрі пайдаланушылар саны үнемі өсіп келеді.

Тілдің дамуы ауызекі сөйлеу тілі арқылы қалыптасатын заңдылықтарға, қағидаларға негізделеді. Қазақ тілінің лексикалық және грамматикалық болмысына тән басты қағида – олардың бір-бірімен үйлесімділігі. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» еңбегінде: «Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша біріне-бірі қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек» [1, 30], – деп тұжырымдайды.

Ұлт мәдениетінің бірегей феномені саналатын тілдің күйі, жағдайы, тазалығы қоғамның сөйлеу мәдениеті деңгейімен анықталады. Алайда тіл – мәні жағынан әлеуметтік, ал жұмсалы

тәсілі бойынша – индивидуалды құбылыс болғандықтан, оның әлеуетін әрбір сөйлеуші жеке өзінше қолданады. Сондықтан индивидтің сөйлеу мәдениеті мәселесі қоғамда бұқаралық сипаттағы өзекті мәселеге айналып отыр.

Сөйлеу тәжірибесінің ерекшелігі – ауызша сөйлеу салаларының күрт дамып, кең қанат жаюында. Қоғам көп тыңдап, аз оқуға бейімделіп келеді. Алайда телефон, радио, теледидар, видео, кино сияқты аудиовизуалды байланыс құралдары жазбаша сөйлеу тілінің рөлін бәсеңдете түскенмен, ақпараттық технологиялардың жаңа толқыны (әлеуметтік желі, телеграм-бот) жазба тілі қажеттілігін дәлелдеп, маңыздылығын арттыруда.

Сөз мәдениеті жаһандану үрдісімен байланысты күрделі кезеңнің талабына лайық болуы қажет. Әсіресе тілдік тұлғаның коммуникация кезіндегі сөйлеуін зерттеу басым бағытқа ие болып отыр.

Әлеуметтік лингвистика тілдің динамикадағы жай-күйін қарастырады десек, тілдің қалпын толығымен медиакөңістіктен көруге болады. Бұған дейін болмаған әлеуметтік желілер, блогтар, жеке масс-медиа, т.б. секілді жаңа құбылыстар пайда болды. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ тілді әлеуметтік желі, бұқаралық ақпарат құралдарының тілі теориялық тұрғыдан ұғыну, оның тілін коммуникациялық аспектіде зерттеу арқылы ұлттық тілдің жай-күйін шынайы анықтау мүмкіндігі туады.

Тілдің тіршілігі, оның дамуы мен жетілуі сөз құрамының, олардың мағыналары мен стилистикалық бояуларының үнемі өзгеріп отыруынан ерекше айқын көрінеді.

Интернет арнайы коммуникативтік орта ретінде және тілді жүзеге асырудың бұрын болмаған саласы ретінде өзімен қарым-қатынастың жаңа тәсілдерін, сөйлеу әрекетінің стереотиптерін, тілдің өмір сүруінің жаңа формаларын алып келді.

Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден,
Көзінді ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды [2, 24], –

деп халқымыздың аса көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсарин өлеңдеріне қосқандай, интернет желісі бізге жылдам хабар алуға көмегін беріп жатыр. Бұрын хат жолдап, оның жауабын алу үшін апталап-айлап күтетін еді. Ал қазір интернет арқылы көзді ашып-жұмғанша сауалымызды жолдап, жауап алып отырмыз. Миллиондаған адам күнделікті өмірде әлеуметтік желілерді пайдалану үстінде. Біреуі ақпарат іздеу үшін қолданса, енді біреуі уақыт өткізу үшін, адамдармен тілдесу үшін пайдаланады. Бастысы адам оны өз керегіне, дұрыс жолда қолдануы қажет.

Интернеттегі қарым-қатынас формалары, мысалы, чаттардың барлық түрлері, форумдар, электрондық пошта түрлері, телеконференциялар және басқалары адамдардың өз ойын білдірудің бірегей мүмкіндіктерін ұсынады. Сондай-ақ олардың жылдамдығының жоғары болуы қарым-қатынасты жеңілдетеді.

Интернет лексика – бұл интернет арқылы таралатын, жиі қолданылатын сөздердің жиынтығы. Сонымен қатар интернет лексика жаңа технологиялар мен әлеуметтік желілердің дамуымен бірге жылдам қарқынмен өзгеріп отырады. Интернет лексикасының ерекшелігі – ол көбінесе қысқарған сөздер, эмодзилер, хэштегтер, жаңа сөздер және т.б. арқылы көрінеді.

Қазақ тіліндегі интернет лексиканың қалыптасуы бірнеше факторларға байланысты. Олардың қатарында:

1. Технологиялық даму – жаңа технологиялар мен бағдарламалардың қазақ тіліндегі атауларын қалыптастыруға әсеретті.

2. Әлеуметтік желілер – интернет платформаларында (Facebook, Instagram, Twitter) қолданушылар арасындағы қарым-қатынас жаңасөздер мен сөз тіркестерінің пайда болуына себеп болды.

3. Мәдени және әлеуметтік өзгерістер – халықтың әлеуметтік-мәдени тұрмысындағы өзгерістер интернетте жаңа сөздердің пайда болуына ықпал етті.

Интернет тілінің ерекшелігі оның қысқалығында жатыр. Қолданушылар жиі қысқартулар мен сөздердің қысқартылған түрлерін пайдаланады. Бұл әсіресе әлеуметтік желілерде байқалады. Мысалы, «қалайсың?» деген сұрақты «қалай?» деп қысқартып жазу.

Интернет желісінде «бара жатырмын» дегенді «баратрм», «келе жатырмын» – «кежатрм» немесе «келятрм», «солжаққа» – «сояққа» түрінде қолдану белең алып келеді. Бұл ежелгі руникалық ескерткіштерде сөйлем ішіндегі баяндауыш қызметінде жұмсалатын етістік сөзді тиянақтап тұратын -дыр, -дір грамматикалық формантының ХІХ ғасырдағы жазбаларда «келедүр», «барадүр» пішінінде таңбаланған болатын. Мысалы, ұлы Абай шығармашылығында:

Ақылмен хауас барлығын
Білмейдүр жүрек сезедүр.
Мүтәкәллимін, мантиқин
Бекер босқа ездүр [3, 14], –

деген өлең шумағында «білмейдүр, сезедүр, ездүр» сөздерін қолданған. Бұдан тілдің грамматикалық құрылысының өзгеруі, жетілуі лексикалық құрамына қарағанда едәуір баяу жүрегіндігін байқаймыз. Бұл жөнінде профессор М. Томанов: «Түркі тілдері тарихында негізгі етістік пен көмекші етістік тіркесінің редукцияға ұшырауы жиі кездесетін құбылыс. Қазіргі қазақ тілінің фактілері мұндай құбылыстың әлі де болып отыратындығын дәлелдейді. Келатыр, түрегел, баратыр (келе жатыр, тұра кел, бара жатыр), т.б. айтылу нормасы есебінде қалыптасып кеткен сөздер сондай өзгерістердің нәтижесі. Мұндай сөздер құрамына екі түрлі өзгеріс байқалады: екпінсіз буынның түсіп қалуы және дербес сөздің (көмекші етістіктің) грамматикалық формантқа айналуы» [4, 106-107] деген. Ғалымның пікіріне сәйкес, түркі тілдеріндегі негізгі етістік пен көмекші етістік тіркестерінің редукцияға ұшырауы – тілдің ықшамдалып, сөйлеу процесін жеңілдететін табиғи құбылыс. Бұл процесс екпінсіз буындардың түсіп қалуы мен көмекші етістіктердің грамматикалық формантқа айналуын қамтиды.

Қолданыстағы «келе жатыр» сөз тіркесіне морфологиялық талдау жасасақ, тіркестің алдыңғы бөлігінің түбірі «кел» етістігі, оған есімшенің «-е» жұрнағы жалғанып, істің қозғалыс үстіндегі сипатын білдіріп тұр. Екінші компоненті «жатыр» сөзінің лексикографиялық анықтамаларда: «Жатыр – к.ет. негізгі етістіктегі істі мезгілге байланысты жайын білдіріп, күрделі етістіктің құрамында қолданылатын сөз» [5, 87] деп жазылған. Тақырыбымызға арқау болған жатыр сөзін қазақ тіл білімінің теориялық еңбектерінде «көмекші етістік қызметінде жұмсалады» деп ғалымдар «ғылыми заңдастырып» қойғанмен, оның жеке тұрғандағы мағынасы айқын, істің қозғалыссыз бір қалыпты күйін білдіреді. Мысалы: ол ұйықтап жатыр; қалам мен қағаз үстел үстінде жатыр. Осылайша, «келе жатыр» сөз тіркесіндегі «келе» етістігі есімше жұрнағы арқылы қозғалыс үдерісін білдірсе, «жатыр» көмекші етістігі іс-әрекеттің жүріп жатқан уақытын көрсетеді.

Интернет кеңістігінде тілдің дамуы мен өзгеруі тек мәтіндермен шектелмей, визуалды символдар мен белгілердің де кеңінен қолданылуына жол ашты. Бұл тұрғыда эмодзилер (emojis) қазіргі қазақ тіліндегі интернет лексиканың ажырамас бөлігіне айналды. Эмодзилер – бұл эмоциялар мен көңіл-күйді көрсету үшін қолданылатын графикалық таңбалар. Эмодзилердің қолданылуы тілдің коммуникативтік әлеуетін кеңейтуде, әсіресе онлайн қарым-қатынаста, маңызды рөл атқарады. Қазіргі қазақ тіліндегі интернет лексикада эмодзилер тек эмоцияларды білдірумен шектелмей, мәтіннің мағынасы мен реңкін нақтылау, әсіресе қысқа хабарламаларда коммуникацияны жеңілдету мақсатында пайдаланылады. Олар адамдардың эмоцияларымен және

күйзелістерін, яғни тіл арқылы толық жеткізу мүмкін болмайтын жағдайларды бейнелеуге арналған. Мысалы, интернет пайдаланушылары бір-біріне көңіл-күйін білдіретін эмодзилерді жиі жіберіп отырады. Бұл да мәтіннің эмоционалды түсінігін кеңейтуге мүмкіндік береді. Мысалы:

😊 – күлкі, қуаныш, әзіл.

😞 – қайғы, мұң.

♥ – сүйіспеншілік, махаббат.

😍 – ғашықтық, таңдану.

Бұл эмодзилер қолданушының мәтінін түсінікті әрі әсерлі етеді.

Интернет кеңістігінде коммуникацияның жаңа тәсілдері мен құралдары әртүрлі лексикалық бірліктердің пайда болуына себепкер болды. Олардың бірі – хэштегтер. Хэштег – бұл белгілі бір сөз немесе сөз тіркесін белгілеу үшін қолданылатын графикалық таңба (әріптер мен сандық белгілердің алдындағы «#» белгісі). Әлеуметтік желілер мен интернет алаңдарында хэштегтер ақпаратты топтастыруға, оның таралу аясын кеңейтуге және қоғамның назарын белгілі бір тақырыпқа аударуға мүмкіндік береді.

Хэштегтер интернет желісінде қолданушылардың өздерінің пікірлерін, ойларын, идеяларын немесе мәселелерін белгілеу және тарату үшін пайда болды. Олар ақпаратты белгілі бір тақырыпқа байланысты топтастырып, жалпыға ортақ, нақты бағытталған ақпараттарды жасауға көмектеседі.

Мысалы:

- #қазақша – қазақ тілде немесе қазақша жазылған посттар.
- #қазақтілі – қазақ тіліне қатысты жазбалар.
- #қазақсөзі – қазақ тілінің сөздік қор.

Хэштегтер арқылы белгілі бір құбылыстар немесе мәселелер туралы түсініктер қалыптастырып, олар медиа кеңістікте тез таралады.

Қорытындылай келе, қазіргі қазақ тіліндегі интернет лексика заман талабына сай қарқынды дамып, тілдің жаңа мүмкіндіктерін, коммуникацияның жылдамдығы мен тиімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарып отыр. Интернет кеңістігінде сөздердің ықшамдалуы, қысқартулардың пайда болуымен эмодзи қолдану сияқты лингвистикалық құбылыстар тілдің икемділігін көрсетеді. Алайда, бұл өзгерістер тек тілдің қарапайымданып, бейресми формада қолданысын ғана емес, сонымен қатар қазақ тілінің мәдени және әлеуметтік аспектілерін де айқындайды.

Интернет лексикасының лингвистикалық ерекшеліктері қазақ тілінің жаңа мәдениетінің қалыптасуына, оның жедел дамуымен бірге, ұлттық тілдің сақталуына да мүмкіндік туғызады. Жалпы алғанда, интернет лексиканың қазақ тілінде қолданылуы оның функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтеді, сонымен қатар тілдің ішкі құрылымындағы өзгерістер мен даму бағытын да айқындайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы / бас ред. Арын Е.М., құраст., жауапты ред. Құдабаев А.Ж. – Павлодар: С. Торайғыров ат. ПМУ, 2008. – 172 б.
2. Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2003. Т 1. Өлеңдер. Этнографиялық еңбектер. Ғылыми-әдістемелік шығармалар. – 240 б.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т. 2: Өлеңдер мен аудармалар. – 2002. – 336 б.
4. Томанов М.Т. Тіл тарихы туралы зерттеулер: (түркі [каз.] тілдері бойынша) / М.Т. Томанов. – Алматы: Ғылым, 2002. – 616 б.
5. Белбаева М. Қазақ тілінің омонимдер сөздігі. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1988. – 193 б.

6. Сарсенбай Ж.А. Қазіргі қазақ тіліндегі коммуникативті тәжірибе: норма және узус. – Алматы, 2023. – 194 б.

ӘОЖ 81'373

ҰЛТТЫҚ ФИЛЬМДЕРДЕГІ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ ӘСЕРЛЕУШІ ҚҰРАЛДАР (КӨРКЕМДЕГІШ ҚҰРАЛДАР)

Жаныбекқызы Балғын

balgyn.zhanybekkyzy@icloud.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті «Қазақ тілі мен әдебиеті»

мамандығының 1-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж. Қ. Өмірбекова

Қазіргі таңда кино лингвистикалық зерттеудің маңызды тақырыбының бірі болып отыр. Тарихи фильмдер тілдік ерекшеліктерге бай, өйткені олар кейіпкерлердің тілі мен сөйлеу мәнеріне көп көңіл бөліп, өткен өмір көріністерін жасайды. Төменде тарихи фильмдерде қолданылатын тілдік ерекшеліктердің мысалдары келтірілген:

- Дәуір тілі. Фильмдегі тілдік ерекшелікте дәуір тіліне баса назар аудару қажет. Кейіпкерлердің сөйлеу тілінде сол кезеңге сай көнерген сөздердің, сөйлеу үлгілерінің, диалектінің болуы маңызды. Талдауға алынған фильмдер қазақ хандығы тұсындағы оқиғаға негізделгендіктен, фильм тілі сол дәуірге сай сөздік қормен толықтырылуды қажет етеді.

- Тіл аралық қарым-қатынас мәселесі бар. Яғни фильмде араб, парсы тілінен енген сөздердің және жоңғар тіліндегі сөздердің қолданылуы. Бұл «Жаужүрек мың бала» фильмінде ерекше көрініс тапқан. Жоңғар халқының өз тілінде (ескі моңғол) сөйлеу мәнері әрі аударма нұсқалары қатар айтылады.

- Тарихи терминдер мен тіркестер. Белгілі бір кезеңге қатысты нақты лексика мен терминологияны қолдану фильмде бейнеленген фактілердің дұрыстығын растауға көмектеседі.

- Әсерлеуші (көркемдегіш) құралдар. Фильмнің мәнерін әсерлі, көркем ете түсу үшін кейіпкерлер сөзінде көркемдегіш құралдар жиі пайдаланылады.

Осы лингвистикалық ерекшеліктердің барлығын тарихи атмосфераны құру және экранда өткен заманның рухын жеткізу үшін пайдалануға болады.

Диалектілік ерекшеліктер. Фильмдерде диалектілерді қолдану - әрекетті, географиялық органы жеткізудің тиімді құралы. Диалект – белгілі бір тілдің өз ішіндегі алуан түрлілік, аумақтық, әлеуметтік, кәсіптік ортадағы адамдардың сөйлеуінде қалыптасқан жалпыхалықтық тілден бөлекше ерекшеліктер.

Диалектизм болуы үшін екі шарт болу керек:

- 1) Әдеби тілде қолданылмайтын, тек белгілі бір говорға, диалектіге тән сөз болу керек;
- 2) Диалектизмнің өзінің таралу шегі (изоглосы) болу керек [1].

Сондай-ақ, диалектінің қолданылуына фильмнің өзіндік ерекшелігі, мәдени мұра, аймақты дәстүр, режиссерлердің шешімдері сияқты көптеген факторлар әсер етуі мүмкін. Аталған фильмдердегі диалектілік ерекшеліктерге назар аударайық:

Мұқым. *Жошының мұқым-тұқымы Шайбан туының астына жиылар еді.* [2]. Мұқым - бүкіл, барлық. /Сем., Ақс/ [3, 22-б.]. Сондай-ақ Ж. Болатов шығыс говорлар тобына мұқым (бүкіл) сөзін жатқызады [4]. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде де осындай анықтама беріледі, әрі оны араб тілінен енген сөздердің қатарына жатқызады. Мұқым – [ар. *مقیم*] есім. Бүкіл, күллі, барлық, түгел. Өзін мұқым ел алдында айыпты санап, күйрек ойдан бас кеше алмай әуре-сарсаң болып еді [5].